

**Зайсан ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 171 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 наурызда № 5764 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 68 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 17.02.2020 № 68 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Зайсан ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 мамырдағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-11-157 тіркелген, 2018 жылғы 30 мамырдағы "Достық" газетінде және 2018 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) № 295 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Зайсан ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде, қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Зайсан ауданы әкімінің орынбасары Қ.Чилибаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Қасымжанов

Зайсан  
ауданы әкімдігінің 2019 жылғы  
"6" наурыздағы № 171  
қаулысына қосымша

## **Зайсан ауданы бойынша 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 17.09.2019 № 470 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Ұйымның атауы	Тәрбиеленушілер саны, (адам)		Айына бір тәрбиеленушінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшері, теңге		Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері, теңге	
		Барлығы	соның ішінде:		соның ішінде:		
			Толық күн болатын	Толық емес күн болатын	Толық күн болатын		Толық емес күн болатын
1	Зайсан қала әкімі аппаратының "Зайсан қаласындағы "Еңлік" бөбекжай	140	140		26915	3 жасқа дейін 8800,	

	- бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны					3-6 жас аралығында 9300
2	Зайсан қала әкімі аппаратының "Зайсан қаласындағы "Ертөстік" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	140	140		26915	3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300
3	Зайсан қала әкімі аппаратының "Зайсан қаласындағы "Айналайын" бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	95	95		26915	3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300
4	Зайсан қала әкімі аппаратының "Зайсан қаласындағы "Балдаурен" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	120	120		26915	3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300
5	Сарытерек ауылдық округ әкімі аппаратының Сарытерек ауылындағы "Балауса" бөбекжай-бақша" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	50	50		29098	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
6	Дайыр ауылдық округ әкімі аппаратының Дайыр ауылындағы "Балғын" бөбекжай-бақша" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	50	50		29098	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
7	Айнабұлақ ауылдық округ әкімі аппаратының Айнабұлақ ауылындағы "Балдырған" бөбекжай-бақша" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	50	50		29098	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
8	Жекеменшік "Азамат" балабақшасы	25	25		28309	3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500
9	Жекеменшік "Балбобек" балабақшасы	50	50		27024	3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300
10	Жекеменшік "Балапан" балабақшасы (Зайсан қаласы, Позиция көшесі,7)	60	60		28649	3 жасқа дейін 8800, 3-6 жас аралығында 9300
11		50	60		28649	3 жасқа дейін 9500, 3-6 жас

	Жекеменшік "Балапан" балабақшасы (Зайсан қаласы, Сатпаев көшесі, 4)					аралығында 10000
12	Жекеменшік "Даулет" балабақшасы	35	35		29098	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
13	Жекеменшік "Нарру baby" балабақшасы	87	87		29562,69	3 жасқа дейін 9500, 3-6 жас аралығында 10000
14	Жекеменшік "Күншуақ" балабақшасы	75	75		29562,69	3 жасқа дейін 9500, 3-6 жас аралығында 10000
15	Жекеменшік "Мадина" балабақшасы	30	30		31283	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
16	Жекеменшік "Анель" балабақшасы	50	50		31283	3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500
17	Зайсан ауданы әкімдігінің "Амангелді орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	15	15		12136,36	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
18	Зайсан ауданы әкімдігінің "Қаратал орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	25	25		12136,36	3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500
19	Зайсан ауданы әкімдігінің "Абай атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	25	25		12136,36	3 жасқа дейін 6000, 3-6 жас аралығында 6500
20	Зайсан ауданы әкімдігінің "Шілікті орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	25	25		12136,36	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
21	Зайсан ауданы әкімдігінің "Октябрь шағын жинақты негізгі орта мектебі"	10	10		12136,36	3 жасқа дейін 5000,

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған шағын орталық					3-6 жас аралығында 5500
22	Зайсан ауданы әкімдігінің "Шағын жинақталған Саржыра негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған шағын орталық	12	12		12136,36	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
23	Зайсан ауданы әкімдігінің "Кенсай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	25	25		12136,36	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
24	Зайсан ауданы әкімдігінің "Жарсу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	25	25		27839,03	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
25	Зайсан ауданы әкімдігінің "С. Биқадамов атындағы шағын жинақталған бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	12		12	-	3 жасқа дейін 4000, 3-6 жас аралығында 4500
26	Зайсан ауданы әкімдігінің "А. Орманбетов атындағы шағын жинақты негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	19	19		-	3 жасқа дейін 5000, 3-6 жас аралығында 5500
27	Зайсан ауданы әкімдігінің "Көгедай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы шағын орталық	25		25	-	3 жасқа дейін 4000, 3-6 жас аралығында 4500